

## «Bereke Bank x Samsung Pay: Оңай Төлеп, Жеңіл Ұтып Ал» акциясының ережелері

«Bereke Bank x Samsung Pay: Оңай Төлеп, Жеңіл Ұтып Ал» акциясын /бұдан әрі — Акция/ «Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) /бұдан әрі - Банк/ «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA» (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ОРТАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ) ЖШС-мен /бұдан әрі - Серіктес/ бірлесіп өткізеді.

Акция 15.10.2025 жылдан бастап 14.11.2025 ж. (қоса алғанда) дейін өткізіледі.

Акцияға 18 жасқа толған және Банк алдында мерзімі кешіктірілген берешегі жоқ Банк шығарған негізгі және қосымша Mastercard төлем карталарын /бұдан әрі - Карта/ ұстаушылар қатыса алады. Корпоративті карталарды ұстаушылар, Банк жұмыскерлері мен оған үлестес тұлғалар акцияға қатыспайды.

### Акцияға қалай қатысуға болады

Акцияға қатысу үшін Акцияның мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс Samsung Pay-ді пайдалана отырып, Картамен жалпы сомасы 10 000 (он мың) теңгеден асатын (қаржы құжатын алған күнгі Банк бағамы бойынша осы соманың басқа валютадағы баламасы) тауарларды және/немесе қызметтерді 5 реттен артық төлеу қажет.

Көрсетілген әрекеттерді жасаған Акцияға қатысушылар келесі Жұлделердің ұтыс ойынына қатысады:

- S25 Ultra смартфоны – 1 дана,
- Galaxy ZFlip 7 смартфоны – 1 дана,
- Watch Ultra сағаты – 3 дана,
- әрқайсысы номиналы 10 000 теңгеге тең [samsung.kz](https://www.samsung.kz) сайтында сатып алуға арналған 50 дана промокод

Акцияның жүлде қорын Серіктес ұсынады. Банк Жұлделердің сапасы үшін жауап бермейді.

Банк/Серіктес Жұлде құнын басқа құралдармен (акша қаражатымен, өзге тауарлармен, қызметтермен және басқалармен), оның ішінде Акция Жеңімпазы Жұлдені алудан бас тартқан немесе Жұлдені алуға келмеген жағдайда өтемейді.

Жұлде басқа акция бойынша ақшаға немесе басқа жүлдеге айырбастауға және/немесе қайтаруға жатпайды (жұлде жоғалған/ұрланған, т.б. жағдайда оның телнұсқасы берілмейді). Акцияның әр жеңімпазы Акция кезеңінде бір ғана Жұлде алуға құқылы. Жеңімпаздың Жұлдені алу құқығы өзге тұлғаға беріле алмайды.

### Ұтыс ойыны қалай өткізіледі

Жұлделердің ұтыс ойыны 2025 жылғы 20 қарашада өтеді.

Ұтыс ойынының жеңімпаздары құрамын Банк айқындайтын комиссияның қатысуымен және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Серіктес тарапы өкілінің қатысуымен анықталады.

Ұтыс ойыны процесі Банктің әлеуметтік желідегі ресми парақшасында <https://www.instagram.com> тікелей эфирде көрсетіледі. Жеңімпаз тиісті бағдарламалық жасақтаманы (Банк анықтайды) қолдана отырып, кездейсоқ әдіспен анықталады. Онымен бір мезгілде, Жеңімпаз қандай да бір себеппен Жұлдені пайдалана алмаса не одан бас тартса, Жұлдені алу құқығына ие болатын Акцияның резервтегі жеңімпазы/қатысушы да сол тәртіппен айнықталады. Комиссия шешімі Акцияға қатысушылар, Банк пен Серіктес үшін түпкілікті әрі міндетті болып табылады.

Банк ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қолда бар деректемелер бойынша Акция Жеңімпаздарын хабардар етеді. Банк ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Жеңімпазға хабарласа алмаса, Жеңімпаз Жұлде құқығынан айырылып, жауапты жұмыскерлер Резервтегі жеңімпазға хабарласады.

Жеңімпаз Жұлдені алу үшін белгіленген күні Банк кеңсесіне келеді. Акция Жеңімпазының Жұлдені алған күні жарамды болатын жеке басын куәландыратын құжаты болуы және дербес деректерді жинауға, өңдеуге, беруге келісім беруі Жұлдені алудың міндетті шарты болып табылады.

Жеңімпаз (негізгі немесе резервтегі) Ережелерге №1 Қосымша нысаны бойынша Келісімге қол қоюдан бас тартуы Банк пен Оператор тарапынан Жеңімпаздың Жұлдеден бас тартуы деп қабылданады, бұл үшін Банк жауапкершілік көтермейді.

Серіктестен Жұлдені алған сәтте Клиенттің қабылдау-тапсыру актісіне (Серіктес нысаны бойынша) қол қоюы міндетті шарт болып табылады. Оған қол қоюдан бас тарту Банк пен Серіктеске Жеңімпаз ұтысының күшін жою құқығын береді.

Акцияға қатыса отырып, Жұлдені алу талабын қоятын Жеңімпаз, сондай-ақ Акция Жеңімпаздары Жұлдені алу талабын қойған кезде оларға сүйемелдеуші тұлғалар оның/олардың аты, тегі, әкесінің аты (бар болса) мен видео- және фотоматериалдар көпшілікке Банк пен Серіктестің қалауы бойынша кез келген түрде қолжетімді болатынына және Банк пен Серіктестің оларды аталған тұлғаларға қандай да бір өтемсіз және әрі қарайғы хабарландырусыз аудио-, фото- және бейнематериалдарда қолдануына келісім береді.

Акция Жеңімпаздарының Жұлде алуына байланысты салықтарды есептеу мен төлеу міндеттемесі Серіктеске жүктеледі.

### **Өзге талаптар**

Банк Акция қатысушыларын Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында ережелердің жаңа редакциясын жариялау арқылы хабарландыра отырып, Акция талаптарына өзгертулер енгізуге құқылы.

Қатысушылар Акция ережелерімен, оның ішінде өзгертулер енгізілген жағдайда өз бетінше танысады. Акция қатысушысының Акция талаптарына сәйкес әрекеттер жасауы қатысушының Акция ережелерінің жаңа редакциясымен келісетінін білдіреді.

Банк телекоммуникациялық және энергетикалық желілерінде болған ақаулар, зиян келтіретін бағдарламалар, үшінші тұлғалардың арам пиғылды әрекеттері нәтижесінде өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Акция қатысушылары алдында жауапты болмайды.

Банк еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Акция қатысушыларын алдын ала хабарландырмай, өз жеке қалауы бойынша Акцияны өткізуді тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

Банк Акция қатысушыларының Акцияға қатысуына байланысты пайда болуы мүмкін ақшалай залалдардың, ұсталымдардың және өзге де кез-келген шығындардың орнын толтырмайды және қайтармайды.

Банк Акция қатысушысының әрекеттерін/әрекетсіздігін алаяқтық, арам ниетті және Акцияға қатысу талаптарын өзге де жолмен бұзатын деп таныған сәтте Банк ескертусіз оны Акцияға қатысушылар тізімінен алып тастау құқығын өзіне қалдырады.

Акцияға қатысушылар, Банк серіктестері, контрагенттері, Банк жұмыскерлері, комиссия мүшелері өткізілетін Акция аясында ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарын, сондай-ақ Банкте көзделген мүдделер қайшылығы қағидаларын сақтауға міндеттенеді.